

УДК 613.96:378

А.А. Касымова

*Семей қаласының Мемлекеттік Медицина Университеті,
Тағамтану және гигиеналық пәндер кафедрасының магистранты*

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ JAҒДАЙЫНА ӘСЕРІ

Тұжырым

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі өсіп келе жатқан жеткіншектердің денсаулығын сақтау және білім берудің қалыпты жағдайын қамтамасыз ету болып табылады. Әр мемлекеттің білім беру жүйесінің ең басты мақсаты – адам денсаулығын қалыптастыру және нығайту болуы шарт.

Кілтті сөздер: оқу процессі, жеткіншектер денсаулығы, студенттер денсаулығы.

Кез-келген қоғам дамуының негізгі шарты – халықтың денсаулығы болып табылады, ал кез-келген мемлекеттің дамуы үшін зерделілік, кадрлы және қорғаныс әлеуетін анықтайтын оның генофондын қалыптастырудың маңызы өте зор.

Білім беру үрдісі – өмір сүру деңгейін, саяси және экономикалық тұрақтылықты, нанотехнологияларды дамытуды, әлеуметтік жағдайды дамытудың маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар денсаулықтың нашарлауына және салауатты өмір салтын қалыптастыруды шектеуге әкелетін қоғамның жағымсыз бағыттарын да жоққа шығаруға болмайды. Осыған байланысты 17-25 жас аралығындағы білім алушы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың өзекті мәселелерінің бірі – студенттердің денсаулығына оқу үрдісінің әсер ету мәселесі болып табылады. [1]

Әрине, жоғары медициналық білім орындарында оқуды өзгешелік ой жұмысының санатына жатқызуға болады, яғни ол тек тұрақты, ұзақ мерзімді белсенді зерделілік қызметтерді ғана емес, сонымен қатар эмоционалды, ерік-жігерлі қызметтерді қажет ететін жұмысқа жатады.

Білім беру үрдісі ой әрекетінің бір түрі ретінде бірқатар ерекшеліктермен сипатталады, атап айтқанда үздіксіз артып және өзгеріп отыратын көлемімен, ақпараттың күрделілігімен және жаңашылдығымен, уақыт аралығында шектелуімен, пәндер мен оқытушылардың ауысуы нәтижесінде ақпарат көздерінің саны мен сапасының жиі өзгеруімен, теориялық және тәжірибелік мақсаттарды орындау үшін алған білімдерді меңгеру сапасын және тиімді пайдалануды қатаң бақылауымен, сабақтан тыс уақытты бөлудің шектелуімен және т.б. сипатталады [2].

Оқу үрдісінің объективті белгілері жоғары медициналық білім беру орындарының білім алушыларының денсаулық жағдайына жанама әсер етеді. Олардың әсері тек жекеше түрде көрініс береді және белгілі-бір аурулардың дамуы – ағзаның бейімділік мүмкіндіктеріне, сонымен қатар көптеген факторларға да байланысты болады, олар тікелей ауруды тудырмаса да, бірақ белгілі-бір ықтималдықпен медициналық жоғары оқу орындары студенттерінің денсаулық жағдайына әсер етеді және бұл әсер біркелкі болмайды.

Әсіресе емтихан сессиясынан соң, тәжірибелік сабақтарда, дәрістерде жоғары білім жүктемесінде, кітапханада жұмыс кезінде және сабақтарға

дайындық кезінде денсаулық жағдайының нашарлауын атап өткен жөн, бұл созылмалы аурулардың асқынуына немесе жаңа аурулардың дамуына әкеледі [1].

Сонымен қатар, жастардың денсаулық жағдайын бағалау бойынша жүргізілген көптеген зерттеулер біршама қауіптің бар екендігін дәлелдейді. Экологиялық ахуалдың жағымсыз өзгерістері, әлеуметтік-экономикалық мәселелер, медициналық қызмет көрсетудің және білім беру үрдісінің жиі өзгеруі және қайта құрылуы аясында білім беру орындарына денсаулығы нашар жеткіншектердің көптеп түсуі байқалатынын көрсетті. Оларда оқуға бейімділіктің нашарлауы, оқуға қажетті қызметтерін, оқу міндеттерін орындауда қиыншылықтар байқалады. Ағзаның мұндай жағдайы ең үздік педагогикалық әдістемелердің тиімділігін төмендетеді және тұлғаның даму бағдарламасын жүзеге асыруды біршама қиындатады [3,4,5,6,7].

Олай болса, жаңа типті түлекті оқыту және үлгісін жасау сұрақтарын, білім беру үрдісін түбегейлі қайта құру мәселелерін тек педагогикалық тұрғыдан шешу мүмкін емес. Мұндай қайта құруға гигиеналық, физиологиялық және педагогикалық зерттеулердің бірігуі нәтижесінде кол жеткізуге болады, ал мұндай зерттеулердің негізі – әрбір білім алушының денсаулық жағдайы және білім беру үрдісі өтетін гигиеналық жағдайлар болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Шагина И.Р. Медико-социальный анализ влияния учебного процесса на состояние здоровья студентов медицинского ВУЗа: Автореферат канд.соц.наук. - Астрахань, 2012 – С.29
2. Шашкова О.В. Влияние специфики учебного процесса на динамику и выраженность практических состояний студентов. Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова, - № 3, 2009 – С. 404-407.
3. Бурханов И.А., Андреева Л.И., Кропотова Г.М. и др. Психология, педагогика, медицина: пути взаимодействия в системе образования. - Тольятти, 2001 – С. 149-151
4. Бурханов И.А., Хорошева Т.А. Состояние здоровья учащихся школ различного профиля. Гигиена и санитария. - №3, 2006 – С. 61-64.
5. Кисилева Н.В. Научное обоснование организационной модели охраны здоровья студентов. Автореф. канд. мед. наук., - Казань, 2012. – 29 с.

6. Манюхин А.И., Кретова И.Г., Серебрякова Н.Б., Русанова М.Е. Влияние образовательного процесса на состояние здоровья учащихся. Вестник Сам ГУ – Естественная серия. - №8(58). 2007.

– С. 153-160.

7. Демакова Л.В. Сравнительная гигиеническая оценка здоровья двух поколений школьников города Омска. Автореф. канд. мед. наук, - Омск, 2008. – 26с.

Резюме

**ВЛИЯНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ НА ЗДОРОВЬЕ СТУДЕНТОВ,
ОБУЧАЮЩИХСЯ В МЕДИЦИНСКОМ ВУЗЕ**

А.А. Касымова

**Государственный медицинский университет города Семей
Кафедра питания и гигиенических дисциплин, магистрант**

Вопросы обучения и создание модели выпускника школы нового типа, проблему кардинальной перестройки учебного процесса только педагогической наукой решить невозможно. Такая перестройка может быть достигнута только на основе интеграции гигиенических, физиологических и педагогических исследований, а в центре этих исследований должны находиться статус здоровья каждого отдельного ребенка и гигиенические условия, в которых проходит учебный процесс.

Ключевые слова: учебный процесс, здоровье студентов, здоровье подростков.

Summary

**INFLUENCE OF EDUCATIONAL PROCESS TO HEALTH
OF MEDICAL INSTITUTE STUDENTS**

A.A. Kasymova

**Semey State Medical University,
Department of nutrition and hygienic disciplines, master student**

A lot of questions, according studying and making the model of graduating's from the school of a new type, a problem of changing the full process of studying, but this problem could not be served using only pedagogical science. This change could be achieved using only the base of gigenical integration, physiological and pedagogical science, and the main object this could be status of a health, each child and gigenical condition, of a studying process.

Key words: studying process, health of students, health of teenagers.